



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



## **СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ  
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)  
ББК 74.58  
Қ 22

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

**Хуснутдинова Ляйля Гельсовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

**Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

**Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)  
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

С помощью специализированных сервисов занятия превращаются в интерактивные, которые позволяют использовать различные инструменты: онлайн-опрос, облака слов, мозговой штурм.

*Интерактивные занятия позволяют студентам участвовать в живых викторинах и играх с вращающимися колесами или даже с помощью облаков слов, опросов или совместных мозговых штурмов.* Все это позволяет педагогу активно взаимодействовать с аудиторией и получать обратную связь от обучающихся.

Подводя итог, стоит отметить, что процесс цифровизации образования имеет две стороны: во-первых, формирование цифровой образовательной среды, как совокупности цифровых средств обучения, таких как онлайн-курсы, использование электронных образовательных ресурсов; во-вторых, глубокая модернизация образовательного процесса, призванного обеспечить подготовку человека к жизни в условиях цифрового общества и профессиональной деятельности в условиях цифровой экономики.

Цифровые педагогические технологии способны обеспечить практически бесконечное множество направлений индивидуализации обучения, в том числе: по содержанию, по темпу освоения учебного материала, по уровню сложности, по способу подачи учебного материала, по форме организации учебной деятельности, по составу учебной группы, по количеству повторений, по степени внешней помощи, по степени открытости и прозрачности для других участников образовательного процесса и т.д. [3]

Цель изменения образовательного процесса – путем создания гибкой и адаптивной образовательной системы, отвечающей запросам цифровой экономики.

#### **Список литературы:**

1. Михайлова Н.Ю. Традиционный и онлайн уроки: Традиции и инновации. URL: [http://ext.spb.ru/2011-03-29-09-03-14/131-edu-tech/17504-Traditsionnyy\\_i\\_onlayn\\_uroki-\\_traditsii\\_i\\_innovatsii.html](http://ext.spb.ru/2011-03-29-09-03-14/131-edu-tech/17504-Traditsionnyy_i_onlayn_uroki-_traditsii_i_innovatsii.html) (дата обращения: 01.03.2023).

2. Соловьева Ю.П. ПРОЕКТИРОВАНИЕ УЧЕБНЫХ ЗАНЯТИЙ С ПРИМЕНЕНИЕМ ЭЛЕКТРОННЫХ СИСТЕМ ОБУЧЕНИЯ: ЦИФРОВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ ПЕДАГОГА СПО // ИНСАЙТ. 2022. №4 (12). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/proektirovanie-uchebnyh-zanyatiy-s-primeneniem-elektronnyh-sistem-obucheniya-tsifrovye-kompetentsii-pedagoga-spo> (дата обращения: 03.03.2023).

3. Хохолева Е.А., Курилова М.М. Цифровизация процесса обучения персонала на примере агентства недвижимости. URL: <https://elar.urfu.ru/> (дата обращения: 01.03.2023).

**УДК 1082**

#### **ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*Шолпанбаева Газиза Абуовна, аға оқытушы, п.ғ.м., А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай қ., Қазақстан, E-mail: [gaziza.sholpanbaeva@mail.ru](mailto:gaziza.sholpanbaeva@mail.ru)*

*Чижик Елена Витальевна, 1 курс студенті РЯЛ, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай қ., Қазақстан*

#### **Аңдатпа**

Өзектілігі: Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналды. Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге үйретеді.

Мақсаты: Білім беруде қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оны қазақ тілі сабақтарында кеңінен қолдану. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады.

**Түйінді сөздер:** Инновация, жаңашылдық, дағды, ұстаным, қызығушылық

#### **Аннотация**

Актуальность: Если до этого учитель и ученик опирались только на учебник, теперь они критически мысля, стали личностью, которая может четко доказать свое мнение. Технология учит детей развитию языка, игровой деятельности, развитию свободной речи, работая в группе умению слышать друг друга.

Цель: В наше время знание видов педагогических технологий и применение их на уроках казахского языка необходимо. Применяя новые методы и технологии развивается у учащихся интерес к знаниям, способность глубоко мыслить, повышается стремление к учебе.

**Ключевые слова:** Инновация, новшество, навыки, позиционирование, интерес

## Abstract

Relevance: Before teacher and students used only books, now with think critically, they can to prove their opinion clearly. Technologies learn students develop their language, play in game, develop free speech and working in group they can hear each other.

Goal: Nowadays knowing the pedagogical technologies types and use them un the lesson of Kazakh languages is necessary. Use new method and technologies developed interest for education, ability think deeper, rises aspiration for education of students.

**Key words:** innovation, modern, aims, position, interest

Ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу.

«Мұғалімнің ұстанымы – оның көзқарасы, қабылдаған шешімі мен іс әрекетінің негізі», - деп Пажарес (1992ж) айтқандай оқушыға білім беруде негізгі тұлға мұғалім екені белгілі.

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді. Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Өз біліктілігін көтеру мақсатында әрбір мұғалім кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонда ғана өзін-өзі дамыта алатын, өзін-өзі жетілдіре алатын қоғамның белсенді, білімді жеке тұлғасын қалыптастыра алады. Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау білім бағдарламасының негізгі мәселесі болып отыр.

Өз тәжірибемде Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің үшінші деңгей бағдарламасы бойынша курстан өтіп, одан алған тәжірибемді қолданудамын. Бұл бағдарламаның басты мақсаты педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу. Мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету. Бұл бағдарлама негізінен жеті модульге сараланған. Модульдер:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Оқытуда АКТ-ны пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқу керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеу мен дамытуына көмектесетін амал. Александр оқытудағы әңгімелесу – қарымқатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады [1, б. 10].

Сабақтарымда әңгімелесудің үш түрін: топтық әңгіме, әңгіме-дебат, зерттеушілік әңгіме түрлерін тиімді қолданамын. Топтық әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілді. Оқушылардың барлығы топтық әңгімеге белсенді түседі. Ал әңгіме-дебат кезінде пікірталасқа түсу кезінде үлгерімі жоғары, талантты және дарынды оқушылардың белсенділігі артады. Зерттеушілік әңгімеге түсу кезінде көшбасшының топ мүшелеріне жетекші сұрақтар қойып, әңгімені өрбіте білуімен байланысты болды.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Оқушыларға қатысты олар жан-жақты ойлап, өз ойларын толықтай жеткізе біледі, ойларын дұрыс болмаса да еркін жеткізе алады, әр

оқушы әртүрлі ойларын айту арқылы ортақ бір пікірге келеді. Оқытуды бағалау (жиынтық баға) баға қою, мадақтау, оқу қортындысын шығару. Оқыту үшін бағалау (формативті) әр топ оқушылары немесе бағалаудың түрлері бойынша бағалау. Әртүрлі критерилар арқылы, жетістік ағашы, білім ағашы арқылы, смайликтер арқылы бағалауға болады.

АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту да бұл модульмен тығыз байланыста. Көшбасшыны анықтау өткізетін кезкелген сабақта сынып оқушыларын топқа бөліп, әр топтан лидер тандап алу. Келесі сабақта топтарды өзгертіп отыру арқылы әр сабақ сайын лидерлер шығып, оқушылар толық қамтылып шығады. Бұл бағдарламадағы осы айтылған 7 модульді кез-келген сабақтарда барлығын дерлік қолданып шығуға болады. Өзім өткізген сабақтарда оқушыларым топқа бөлінуге қалыптасты, постер арқылы қорғауға үйренді, оқушылар постер қорғау кезінде ерекше белсенділік көрсетті. Постерді салу және қорғау кезінде топ басшыларының көшбасшылық қасиеттері ашыла түсіп, ұйымдастырушылық қабілеттері арта түсті. Жалпы топтардың жұмысы ұйымдасқан түрде болды.

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Аз уақыт ішінде инновация термині қолданысқа еніп, өз орнын нықтай түсті. Осыдан біршама уақыт бұрын бұл термин отандық педагогикалық әдебиеттерде мүлдем қолданылмайтын еді. Қазіргі таңда жағдай мүлдем өзгеше. Дегенмен де, бұл терминнің мазмұны түрлі жұмыстарда қолданылғанымен, өз айырмашылықтары бар. Қазіргі таңдағы «білім беру» түсінігі «оқыту», «тәрбиелеу», «білім беру», «даму» терминдерімен байланыстырылады. «Білім беру» термині ағартушылықпен байланыстырмай тұрған кездің өзінде кеңінен қолданылып келген. Сөздік мағынасында «білім беру» термині «қалыптастыру» етістігінен жаңа бір нәрсені «жасау», «құру» немесе «дамыту» мағынасында алынған зат есім ретінде қарастырады. Жаңа бір нәрсені ойлап табу – міне инновация. Ал педагогика саласындағы инновация дегеніміз – оқыту мен тәрбие берудің жаңа мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдер мен формаларын кірістіру, білім алушы мен оқытушының бірігіп жұмыс жасауын ұйымдастыру дегенді білдіреді. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде [2, б. 64].

Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналды. Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге үйретеді.

- Оқушының өз бетінше білім алуға деген құштарлығы оянды;
- Шығармашылық жұмыс істеуге дағдыланды;
- Оқуға ынта-ықыласы артты;
- Бір-бірінің ойын, пікірін сыйлауға үйренді;
- Өз бойларына жақсы қасиеттерді жинауға үйренді; • Өз ойын қағазға түсіруді үйренді;
- Оқушының жеке басын, ұжымды сыйлауға үйренді;

Жаңа әдіс-тәсілдер тиімді екендігіне көзім жетті. Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу. Тіл пәндерді оқыту әдістемесі сабағын қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңда әдістеме пәнінің мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Білім беру саласындағы инновациялық процесстердің мәнін түсінуде екі маңызды мәселе жатыр – қалыптасқан педагогикалық тәжірибені жалпылау, ауқымын кеңейтіп тарату, оқыту және психология-педагогикалық ғылымдағы жетістіктерді қолданысқа енгізу мәселелері. Қазіргі қоғам, мәдениет және білім беру саласының дамуы жағдайында педагогикалық бағытта инновациялық бағдарды енгізудің қажеттілігі бірнеше жағдайлармен анықталады.

Біріншіден, қазіргі таңдағы саяси-экономикалық қайта құрулар түрлі типтегі оқыту мекемелерінде білім беру саласының жүйелерін, оқу ісі мен тәрбие процесстеріндегі ұйымдастырудың

әдіс-тәсілдері мен амалдарын түбірімен өзгертуге алып келіп отыр. Педагогикалық жаңалықтарды ашуды, меңгеру мен қолдануды өз бойына сіңіре білген оқытушылар мен тәрбиешілердің қызметінің инновациялануға бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралы ретінде танылады.

Екіншіден, білім беру мазмұнын гуманитаризациялау, оқу пәндерінің көлемі мен құрамын үздіксіз өзгерту, жаңа оқу пәндерін енгізу оқытудың жаңа технологияларды үздіксіз іздестіріп отыруға міндеттейді. Аталған жағдайда оқытушылық ортада педагогикалық білімнің рөлі мен беделі өседі.

Үшіншіден, оқытушының педагогикалық жаңалықтарды меңгеру мен қолдану фактісінің өзіне қатынасының өзгеруі.

Төртіншіден, жалпы білім беретін мекемелердің нарықтық қатынасқа енуі, жаңа мемлекеттік, сонымен қатар мемлекеттік емес білім мекемелерін ашу олардың арасында бәсекелестік жағдайын тудырады [3, б. 7].

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш – ол білім. Білім беру – оқытудың, тәрбие мен дамытудың үздіксіз процесі. Білімді түрлендіруде, білім беру процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде айтқандай: «Жаңа формация мұғалімі- рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты»

Сол үшін қазақ тілін үйретуде жаңа технологияларды қолдану - қазіргі заман талабы. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақты да, қарқынды дамуына бірінші үлес қосатын ұстаздар қауымы. Мектептегі әр сабақ барысында инновациялық әдістерді қолдануда көп жағдайда мұғалім мен оқушының өзара тығыз қарым-қатынаста болуын, ақылдаса келе бір ортақ түйінге келуін, ұжымдаса әрекет етуге бағдар алуын бақылайды. Ал, біздің мақсатымыз – әрбір білім алушының қазіргі заманға сай жеке дүниетанымын, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру, индивидуалдылығын таныту үшін жаңа әдіс-тәсілдерді әр сабақ кезеңдерінде қолданып оқушылардың ой-өрісін дамыту арқылы өмірге жаңа көзқараспен қарауға дағдыландыру.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Г. Бейсенова, Қазақстан мектебі №6, 2006 ж – 1119 б.
2. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Ф.Б Бәрібекова, 2014ж. Алматы баспасы – 360 б.
3. Оқытудың инновациялық және интерактивтік әдістері. Байғалиева Ж.Г. 2012ж. Орал қаласы. – 100 б.